

"Қаражамбасмұнайгаз" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 сәуір N 573

Батыс Қазақстан мұнайгаз кешенінің тұрақты жұмысы мен перспективалық дамуын қамтамасыз ету, шетелдік инвестицияларды тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тритон-Вуко Энерджи Групп Лтд" компаниясының "Қаражамбасмұнайгаз" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы ашық тендердің нәтижелері мен шарттың талаптары мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі "Тритон-Вуко Энерджи Групп Лтд" компаниясының "Қаражамбасмұнайгаз" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы ашық тендердің нәтижелері мен шарттың талаптарына сәйкес белгіленген тәртіппен 1997 жылдың 25 сәуіріне дейін "Тритон-Вуко Энерджи Групп Лтд" компаниясының көмірсутегі шикізатын барлауға және оны өндіруге арналған лицензиясын қайта ресімдесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес аталған компанияның құқықтарын беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі "Тритон-Вуко Энерджи Групп Лтд" компаниясы акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы шарттың талаптарына сәйкес 1997 жылдың 25 сәуіріне дейін мерзімде көмірсутегі шикізатын өндіруге арналған келісім-шартты ресімдесін.

4. Министрліктер, мемлекеттік, комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар "Тритон-Вуко Энерджи Групп Лтд" компаниясына оның қызметінде қажетті жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі